



Тілегжан РЫСҚАЛИЕВ,
философия ғылымдарының
докторы, профессор,
Орал қаласы:

Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен қазіргі заман қандай екендігін елеп-екшеп алайық. Біз қазір нарықтық, жеке меншік заңдастырылған, бәсекелестік заманында өмір сүрудеміз. Демек, бүгінгі қазақ Кеңес заманындағыдай аңғал, бейқам, көнбіс, көптің жетегімен жүретін адам болмауы керек. Қазіргі адам өжет, батыл, дербес, өзіне өзі сенетін, жан-жақты тұлға болуы шарт. Тұлға дегеніміз – өзіндік ой-пікірі, мінезі бар, өзінше ойлап, әрекет жасайтын адам. Кешегі Кеңес заманында халық бай-кедей болып бөлінген жоқ. Бәрі де бірыңғай орташа тұрмыс құрды. Бүгінгідей екі-үш қабатты хан сарайындай коттеждер, ағылып жатқан шетел машиналары болған жоқ. Ол кезде байлықпен басқалардан бөліну ерсі көрінді. Конфуций айтқандай, «Ел дұрыс жолды таба алмай, күйзеліске ұшыраса, бай болу ұят болды».

Қазір жағдай мүлдем өзгерді. Тағы да Конфуцийге жүгінейік: «Ел дұрыс жолға түсіп, жағдайы түзелсе, ондай елде кедей және елеусіз болу ұят». Дұрыс сөз. Біз қазір Қазақстанда өз жолымызды таптық. Бизнестің қыр-сырын меңгеріп жатырмыз. Еңбек еткен адамға, білікті маманға, кәсіпкерге жол ашық. Осындай жағдайда дені сау, ақыл есі бар адамға кедей, кіріптар болу ұят.

Қай елдің де, халықтың да, адамның да тұрмыс-тіршілігі еңбекпен анықталады. Бай болу айып емес. Тек оған адал еңбекпен қол жеткізсең.

Бір кездегі Рим империясын құлатқан сырттан келген басқыншылар емес, Еділ (Атилла) емес, римдіктердің өздерінің еңбекке немқұрайлы қарағаны, еңбек етуге арланғаны. Римдіктерден мынадай сөз қалды: «Хлеба и зрелищ!» – «Нан болсын, ойын-сауық болсын!». Ақсүйек римдіктер құлдардың еңбегімен күн көрді. Барлық қара жұмысты құлдарға артып қойып, өздері бос жүрді. Театрға, стадионға барды, бір-біріне қонаққа барды. Кеште үлкен алаңдарда құлдар мен арыстандардың, гладиаторлардың арпалысын тамашалады.

Еңбек етпейтін адам, еңбекті бағаламайтын ел түбі азады екен. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген бағдарламалық мақаласында әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бір

Қази

неше бағыттарын атап көрсетеді. Соның біріншісі – бәсекелік қабілет (конкурентноспособность). «Болашақта, – дейді Елбасы, – ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады».

Бәсекелікті қазіргі қазақ қалай түсінеді? Басқалардан асып түсу. Айып емес. Бірақ қайтіп, немен асып түсесің? Егерде адам білімімен, біліктілігімен, өнерімен, табысты еңбегімен, кәсіби шеберлігімен, рухымен, ар-намысымен, мінезімен асып түсіп жатса, айналасының да, елінің де мақтанышына айналатыны сөзсіз.

Қазіргі қазақтардың арасында екіншіше орай, бәсекелікті байлықпен, астамшылықпен, кердеңдікпен, дарақылықпен өлшеу әдетке айналып барады. «Қазіргі қоғамда, – дейді Елбасы өзінің мақаласында, – Шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділікті көрсетеді».

Қазіргі кейбір қазақ жастары жақсыдан, адалдан, кісіліктен үлгі алуды місе тұтпайды. Олардың мойындайтыны арам жолмен байып, асып-түсіп жатқан замандастары, лауазымын пайдаланып, байып алған парақорлар, жемқорлар. Міне, «бұлар өмір сүре біледі» – деп соларды үлгі тұтады. Бұл – адамды тығырық-тұйыққа апарып тірейтін жол. Бұлай қазақтың көсегесі көгермейді.

Қазіргі қазақтардың сана-сезімін билеп алған керітартпа қасиет – өз басының ғана қамын ойлау. Елдің жайын, халықтың қамын ойлау деген ұмыт болып барады. Бір кездегі Сократ сияқты «бұларсыз да өмір сүруге болатын заттар қандай көп» – деп қанағат қылуды білмейді. Керісінше, «бәріне ие болсам» деп армандайды.

Өз басым қазіргі қазақтың елдің қамын ойлайтын тұлға болғанын қалар едім.

Қазіргі қазақ Мағжан ақын армандағандай:

**Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,**
болса екен.

**Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,**
– болса екен.

Қазіргі қазақ білім мен еңбекті мұрат тұтса екен.

Елімізде озық білім мен жасампаз еңбек салтанат құрса екен.

Сонда жұрт көрер еді қазіргі қазақтың қандай екенін!